

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің жанындағы 6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Абдрахманова Зинат Батырхановнаның «Еңбекке қабілетті жастағы тұрғындар арасында әлеуметтік-экономикалық дағдарыс жағдайындағы өндірістен тыс жарақаттылықтың таралу заңдылықтары мен оның алдын алу шараларын жетілдірудің ғылыми негіздері (ОҚО мысалында)» тақырыбындағы диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес отырысының

СТЕНОГРАММАСЫ

Түркістан қаласы

22 желтоқсан 2018 жыл

ХАТТАМА №10

Диссертациялық кеңеске төрағалық етуші – төраға міндетін атқарушы медицина ғылымдарының докторы, профессор Бектұрғанов Рамазан Сейдахметович.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы – медицина ғылымдарының кандидаты Бабаева Кумысай Сабетовна

Диссертациялық кеңестің төрағасы: Құрметті диссертациялық кеңес мүшелері, құрметті әріптестер және қатысушылар! Бүгін диссертациялық кеңестің келесі отырысын өткіземіз. Кеңестің сегіз мүшесінен келу парағына сәйкес сегіз адам қатысып отыр, олардың қатысу саны үштен екісінен кем емес:

Диссертациялық кеңестегі мүшелер саны- 9 адам

Қатысқаны -8 адам.

- 1) Кеңес төрағасының міндетін атқарушы медицина ғылымдарының докторы, профессор Бектұрғанов Рамазан Сейдахметович, 14.00.33 – «Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау»;
- 2) Ғалым хатшы медицина ғылымдарының кандидаты, доцент м.а. Бабаева Кумисай Сабетовна, 14.00.36 – «Аллергология және иммунология»;
- 3) Булешов Мырзатай Абильдаевич медицина ғылымдарының докторы, профессор, 14.00.33 – «Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау»;
- 4) Молдалиев Икилас Сүйндікович медицина ғылымдарының докторы, профессор, 14.00.33 – «Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау»;
- 5) Каусова Галина Калиевна медицина ғылымдарының докторы, профессор, 14.00.33 – «Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау», 14.00.06 – «Кардиология»;

- 6) Курманова Гаухар Медеубаевна медицина ғылымдарының докторы, профессор, 14.00.36 – «Аллергология және иммунология», 14.00.10 – «Инфекциялық аурулар»
- 7) Жақсыбергенов Абай Маратович медицина ғылымдарының докторы, профессор, 14.00.33 – «Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау»;
- 8) Куатбекова Рабига Абдумусаевна – медицина ғылымдарының докторы, профессор, 14.00.33 – «Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау»;

Диссертациялық кеңестің отырысын дәлелді себептермен медицина ғылымдарының докторы, профессор Ташев Ибрагим Акжолович қатыса алмады.

Диссертациялық кеңестің отырысын жүргізу үшін кворум бар. Сондықтан диссертациялық кеңестің жұмысын Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің жанындағы 6D110200- «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша ашық деп жариялаймыз.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

Төрағалық етуші: Аса құрметті диссертациялық кеңестің мүшелері! Күн тәртібінде Абдрахманова Зинат Батырхановнаның 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін иелену үшін «Еңбекке қабілетті жастағы тұрғындар арасында әлеуметтік-экономикалық дағдарыс жағдайындағы өндірістен тыс жарақаттылықтың таралу заңдылықтары мен оның алдын алу шараларын жетілдірудің ғылыми негіздері (ОҚО мысалында)» тақырыптағы диссертациялық еңбегін қорғау. Диссертациялық жұмыс Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде орындалды.

Ғылыми кеңесшілері:

Булешов Мырзатай Абильдаевич – м.ғ.д., профессор Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті; «Профилактикалық медицина және стоматологиялық пәндер» кафедрасының профессоры. Қазақстан Республикасы.

Молдалиев Икилас Сүйндикович – м.ғ.д., профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті; Медицина факультетінің деканы. Қазақстан Республикасы.

Шетелдік ғылыми кеңесшісі

Гржибовский Андрей Мечиславович -PhD, MD, профессор Солтүстік Мемлекеттік медицина университеті, Архангельск қаласы; Солтүстік - Шығыс Федералдық университеті, Якутск қаласы, Ресей.

Ресми рецензенттер:

Құрақбаев Құралбай Құрақбаевич – медицина ғылымдарының докторы, профессор, 14.00.33 – «Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау»;

С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ «Медициналық сақтандыру және денсаулық сақтау экономикасы» кафедрасының меңгерушісі.

Ахметово Алдарқұл Райымқұлович – медицина ғылымдарының кандидаты, 14.00.33 – «Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау»; Түркістан облысының Қоғамдық денсаулық сақтау департаменті басшысының орынбасары.

Төрағалық етуші: Ізденушінің жеке іс құжаттарын жариялауы үшін диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы Бабаева Кумисай Сабетовнаға сөз беріледі.

Аса құрметті диссертациялық кеңестің төрағасы! Құрметті диссертация кеңесінің мүшелері!

Абдрахманова Зинат Батырхановнаның жеке ісінде ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сәйкес тізім бойынша барлық құжаттары бар. Докторанттың барлық құжаттары сәйкес мерзімінде тапсырылған. Мінездемесімен таныстыруға рұқсат етіңіздер.

Абдрахманова Зинат Батырхановна 1990 жылы дүниеге келген.

2013 жылы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясында 05B110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығын толық меңгерген.

Оқу біліктілігін артыру мақсатында 2015 Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясында 6M110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойыншамедицина ғылымдарының магистрі дәрежесін алған.

Өз еңбек жолын 2013 жылы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясында «Гигиена 1» кафедрасының оқытушысы қызметін атқарды.2014 жылы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясының Үздіксіз кәсіптік даму факультетінің декан орынбасары, 2016 ж Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің «Профилактикалық медицина» кафедрасының оқытушысы қызметін атқарды.Абдрахманова З.Б. 2015-2018 жылдары 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша PhD-докторантурада оқыды.

Алғашқы күннен бастап ол берілген тапсырмаларды дер кезінде, тиянақты орындап, өз ісіне жауапкершілікпен, ұқыптылығын көрсетті. Білім алу мерзімінде диссертация тақырыбы бойынша Ресейдің Архангельск қаласындағы Солтүстік Мемлекеттік медициналық университетінде «Қоғамдық денсаулық сақтау» мектебінде ғылыми тәжірибеден өтті.

Өзінің біліктілігін, іс-тәжірибелік мүмкіншіліктерін жоғары екенін айқындады.

Ғылыми кеңесшілері м.ғ.д., проф. Булешов Мырзатай Абилдаевич, м.ғ.д.проф., Молдалиев Ықылас Сүйіндікович және шетелдік кеңесшісі Гржибовский Андрей Мечиславовичтің жетекшілігімен «Еңбекке қабілетті жастағы тұрғындар арасында әлеуметтік-экономикалық дағдарыс жағдайындағы өндірістен тыс жарақаттылықтың таралу заңдылықтары мен оның алдын алу шараларын жетілдірудің ғылыми негіздері (ОҚО мысалында)» тақырыбындағы ғылыми - зерттеу жұмысын орындады.

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы және ғылыми кеңесшілері Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Сенат мәжілісінде бекітілді (Хаттама №5, 26.04.2016ж.). Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынылған ғылыми баспаларда 5 мақаласы жарық көрді, Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық басылымдарда 2 мақаласы жарияланды, отандық халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 5, халықаралық шетелдік ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 2 мақала мен тезис түрінде ғылыми баспаларда жарияланды. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері бойынша 1 оқу құралы әзірленіп жарық көрді.

Докторант жеке іс құжатында: Кафедраарлық апробациялық кеңес төрағасы, Р.С. Бектурғановтың қолы қойылған, қоғамдық денсаулық сақтау саласы бойынша апробациялық кеңестің оң шешімі берілген және диссертациялық жұмыс ашық қорғауға ұсынылған. Қоғамдық денсаулық сақтау саласы бойынша апробациялық кеңестің оң шешімі №1 хаттамасымен, 22.10. 2018 ж бекітілген. Оң шешімде диссертациялық жұмыстың алға қойған мақсаты, міндеттері, ғылыми жаңалығы, тәжірибелік маңыздылығы, негізгі ұсынылған тұжырымдары, қорытындылары, берілген ұсыныстары көрсетілген.

Докторанттың диссертациясы Ұлттық ғылыми – техникалық ақпарат орталығының салыстырмалы тексеру сараптамасынан өтіп, нәтижесінде диссертацияның «ҰМҒТСО» қорымен сәйкестігі анықталмады.

Сонымен, ізденуші ісінің құжаттары Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми атақ беру ережелерінің» талаптарына сәйкес.

Назар салып тындағандарыңыз үшін рахмет.

Төрағалық етуші: Ізденушінің жеке іс құжаттары бойынша сұрақтар бар ма?

Кеңес мүшелері: Сұрақтар жоқ

Төрағалық етуші: Диссертацияның негізгі мазмұнын баяндау үшін Абдрахманова Зинат Батырхановнаға сөз беріледі. Сізге диссертациялық жұмыстың негізгі мазмұнын баяндау үшін **20 минут** беріледі.

Ізденуші – Абдрахманова З.Б. : Диссертациялық жұмыс бойынша негізгі тұжырымдар мен қорытындыларын баяндады (*Баяндама тіркелген*).

Төрағалық етуші: Құрметті диссертациялық кеңестің мүшелері және қатысушылары, ізденуші Абдрахманова Зинат Батырхановна өткізген зерттеуі бойынша негізгі тұжырымдары мен қорытындыларына баяндама жасады, сұрақтарыңыз болса, сөз кезегі сіздерде.

Медицина ғылымдарының докторы, профессор Каусова Галина Калиевна, өтінеміз.

Каусова Г.К.: Құрметті диссертант Зинат Батырхановна!

1. Бірінші сұрағым: Сіздің зерттеу жұмысыңыздан басқа Қазақстанда қандай зерттеу жұмыстары осы бағытта жүргізілген?
2. Екінші сұрағым: Не себепті еңбекке қабілетті жастағы тұрғындар арасында жарақаттану көрсеткіші жоғары және бұл немен байланысты?
3. Үшінші сұрағым: Сіздің баяндамаңызда 30-39, 40-49 жастағы жарақаттану көрсеткішіде жоғары бұл немен байланысты?

Ізденуші – Абдрахманова З.Б.: Аса құрметті Галина Калиевна сұрақ қойғаныңызға рахмет! Жауап беруге рұқсат етіңіз. Бірінші сұрағыңыз бойынша, 2010 жылы Мысаев Аян Оралхановичтің Алматы қаласы тұрғындары арасындағы жарақаттылықтың қалыптасу заңдылықтары туралы жұмысы жарық көрген, Семей қаласындағы жол – көлік апаттарынан туындаған жарақаттар мен оның профилактикасының ғылыми негіздері туралы зерттеу жұмысы орындалған. Сонымен бірге Аубакирова Алма Серікпаевна жол-көлік апатының әлеуметтік – гигиеналық мәселелері бойынша зерттеу жұмысын жүзеге асырған. 2016 жылы Булешова Айжан Мырзатаевна Шымкент қаласындағы тұрғындардың жалпы жарақаттануының әлеуметтік-гигиеналық мәселелерін зерттеген. Астана қаласындағы бас травматолог Батпенев Нурланның жұмыстарына да айрықша көңіл бөлдік. Бұл жұмыстардың нәтижесінде Қазақстан Республикасы мен облыстарында тұрғындардың жарақаттану көрсеткіші жоғары деңгейде қалыптасып отыр деуге болады. Жарақаттану бойынша жалпы мүгедектік көрсеткіші төмен болғанымен, тұрғындардың өлім көрсеткіші өзінің жоғары деңгейін сақтап отыр.

Екінші сұрақ: Рұқсат етсеңіз екі сұрақты біріктірәп жауап берсем болады ма?

Каусова Г.К.: Ия, болады

Ізденуші – Абдрахманова З.Б.: Жалпы тұрғындардың, соның ішінде ер кісілер мен әйел кісілердің жалпы жарақаттануына көрсетілетін медициналық көмекті ұйымдастыру бойынша ҚР интерграциялалған моделі ұсынылып отыр. Оның мақсаты жарақаттардың алдын-алу мәселесі немесе жарақаталуды ескерту туралы жеткіліксіз ақпаратталдырылған. Өз денсаулығына деген жауапкершіліктің төмендігі жағынан 30-39 жастағы ер кісілер мен әйелдер қауіп топтары болып саналады.

Төрағалық етуші: Құрметті Галина Калиевна сұраққа қанағаттандыңыз ба?

Медицина ғылымдарының докторы, профессор Каусова Г.К.: Ия қанағаттандым, рахмет!

Төрағалық етуші: Тағыда қандай сұрақтарыңыз бар?

Медицина ғылымдарының докторы, профессор Жақсыбергенов Абай Маратович өтінеміз.

Жақсыбергенов А.М.: Құрметті диссертант, 18 слайдты қоюға болады ма?

Бірінші сұрақ қайғылы оқиғалар 32,9% суға кету, үсік, өзінөзі қол салу, өлтіру бұлардың бәрі: барлығы осы топқа кіреді емес пе және де менің түсінуім бойынша 25,1% суға кетіп тұншығудан туындайтын өлім жол-көлік оқиғаларынан да жоғары болып орналасып тұрма?

Екінші сұрақ: қайғылы оқиға дегеніміз не?

Ізденуші – Абдархманова З.Б.: Абай Маратович сұрақ қойғаныңызға рахмет! Жауап беруге рұқсат етіңіз. Бірінші сіздің сөздеріңізді түзетуге рұқсат етіңіз. Суға кетіп тұншығудан туындайтын өлім оқиғалары 6,7% құрайды, өзге себептерден туындайтын өлім оқиғалар 25.1% құрайды.

Зерттеу әдістерінде тоқталып кеткендей бұл көрсеткіштер емдеу профилактикалық ұйымдарының жарақаттар бойынша есеп беру құжаттарының деректерінен алынған мәліметтер болып табылады. Ол жерде осы көрсеткіштер бойынша жарақаттар туралы жылдық есеп беру 59 форма бойынша деректер жиналады.

Жақсыбергенов А.М.: Сонда сіздердер қайғылы оқиғалар деп есеп беру деректеріндегі мәліметтерді алдыңыздар ма?

Ізденуші – Абдархманова З.Б.: Ия, айтылған көрсеткіштер бойынша талдау жүргізілді.

Төрағалық етуші: Құрметті Абай Маратович сұраққа қанағаттандыңыз ба?

Медицина ғылымдарының докторы, Жақсыбергенов А.М.: Ия қанағаттандым, рахмет!

Төрағалық етуші: Тағыда қандай сұрақтарыңыз бар?

Медицина ғылымдарының докторы, профессор Рабиға Абдумусаевна, өтінеміз.

Қуатбекова Р.А.: Құрметті Зинат Батырхановна бірінші сұрақ: Қай жылдары экономикалық тоқырау болды? Соның ішінде өлім көрсеткіштері неге жоғары бұрынғы экономикалық тоқырауға қарағанда?

Екінші сұрақ: 16 слайдта тұрмыстық жарақаттарға ұшырау жастық топтары бойынша таралуы неге жоғары 30-39 жасты ол қандай материалдардан алынған деректер?

Үшінші сұрақ : Экономикалық тоқырау жағдайда олрмен өндірістік емес жарақатың байланысы қандай?

Ізденуші – Абдрахманова З.Б.: Құрметті Рабиға Абдумусаевна сұрақ қойғаныңызға рахмет! Жауап беруге рұқсат етіңіз. Бірінші сұрағыңыз бойынша 2014-2015 экономикалық тұрақтылық, 2016-2017 экономикалық тоқырау жылдары болып саналды. Яғни бұл жылдары жалпы біз орта квадраттың ауытқуды есептегенде өлім көрсеткіші мен жарақаттанудың таралу оқиғаларын зерттегенде айтарлықтай айырмашылық байқалған жоқ. Жалпы осы экономикалық тоқырауға мемлекеттің жүргізіп жатқан саясаты, тұрғындардың экономикалық тоқырауға бейімділу әсері бар екендігі анықталды.

Екінші сұрағыңыз бойынша 30-39 жастағы тұрғындардың арасында жол-көлік апатынан туындайтын, қайғылы оқиғалардан туындайтын жарақаттар жиі тіркелуі байқалған. Бұл жастағы тұрғындар бесленді топтағы еңбекке қабілетті жастағылардың қатарына кіреді. Сонымен қатар осы 30-39 жасқа дейін байқасаңыз жалпы жарақаттардан туындайтын өлім көрсеткіші бірте – бірте өседі. Ал одан кейінгі жастық топтарда төмен. 30-39 жастағы тұрғындар жарақат алуға бейім болып келеді. 30-39 жастағы тұрғындар арасында жол-көлік оқиғалары мен қайғылы оқиғалардан туындайтын тұрмыстық жарақаттар жиі кездескен. Науқастардың ауру тарихынан алынған мәліметтер бойынша зеріттедік.

Қуатбекова Р.А.: Үшінші сұрақ бойынша алдыңғы экономикалық тұрақтылық заманында неге өлім көрсеткіші төмен қазіргі замандағы экономикалық дағдарыс жағдайымен салыстырғанда?

Ізденуші – Абдрахманова З.Б.: Рабиға Абдумусаевна сұрақ қойғаныңызға рахмет! Жауап беруге рұқсат етіңіз. Экономикалық тоқырауға байланысты деңгейді бір қалыпта тұрақтандыру үшін мемлекеттің «Денсаулық» бағдарламасы жүргізіледі. Денсаулық бағдарламасы бойынша денсаулық сақтауға кететін шығындардың көлемін төмендету. Біздің елімізде денсаулық сақтауға кететін шығындар 35% құраса, дамыған елдерде бұл көрсеткіш 20% жетеді. Денсаулық сақтау шығындарын азайту үшін әлеуметтік аурулардың санын төмендету болып отыр. Жарақаттар бойынша 2011-2020 ж бағытталған он жылдық жоспарды іске асыру бағдарламасы қарастырлығын. Бұл жоспардың негізгі бағыты жарақаттарды алдын-алу бойынша насихаттау, мастер-кластар жүргізу жарақаттану бойынша оқу-материалдарының деректерін тарату жүзеге асырылып жатыр.

Төрағалық етуші: Құрметті Рабиға Абдумусаевна қанағаттандыңызба сұраққа?

Медицина ғылымның докторы, профессор Қуатбекова Р.А.: Ия қанағаттандым, рахмет!

Төрағалық етуші: Құрметті диссертациялық кеңес мүшелері сұрақтарыңыз барма?

Кеңес мүшелері: Жеткілікті сұрақ қойылды. Сұрақ жоқ.

Төрағалық етуші: Онда мынадай соңғы сұрақ болып есептелсін, жалпы өлім көрсеткіші бойынша бірінші орында қан айналу жүйесі аурулары, екінші орында онкологиялық аурулар, үшінші орында жарақаттану мен уланулар. Жарақаттар үшінші орында тұруына байланысты барлық жарақаттарды сіз өндірістен тыс жарақаттарға соларды жатқызып жатырсызба?

Ізденуші – Абдрахманова З.Б.: Рамазан Сейдахметович сұрақ қойғаныңызға рахмет! Жауап беруге рұқсат етіңіз. Біз өндірістен тыс жарақаттардың ішінде тұрмыстық жарақаттарды қарастырдық. Ал жалпы жарақаттарды барлығына талдау жасайтын болсақ, біздің жұмысымыз ауқымды болар еді және 3 жылдың ішінде ол жұмысты орындап шығу мүмкін емес болар еді. Тұрмыстық жарақаттардың ішінде жиі кездесетін жарақаттарды алдық.

Төрағалық етуші: Сонда сізде жарақаттарда өзін-өзі өлтіру, улану, қайғылы оқиғалар осылардың барлығы сіздің жұмысыңызда қамтылған ба, қысқаша жауап беріңізші?

Ізденуші – Абдрахманова З.Б.: Ия, қамтылған.

Төрағалық етуші: Келесі сөз ресми рецензентке С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ «Медициналық Сақтандыру Және Денсаулық Сақтау Экономикасы» кафедрасының **м.ғ.д., профессоры. Құрақбаев Құрал Құрақбаевичке** беріледі. Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы.

Ресми рецензент м.ғ.д., профессор Құралбай Құрақбаевич: Құрметті кеңес төрағасы мен кеңес мүшелері бүгінгі тыңдалып отырған 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылған «Еңбекке қабілетті жастағы тұрғындар арасында әлеуметтік-экономикалық дағдарыс жағдайындағы өндірістен тыс жарақаттылықтың таралу заңдылықтары мен оның алдын алу шараларын жетілдірудің ғылыми негіздері (ОҚО мысалында)» тақырыбындағы Абдрахманова Зинат Батырхановнаның докторлық диссертациялық жұмысына ресми рецензиямды таныстыруға рұқсат етіңіздер. Мынау диссертанттың баяндамасында цифрлық көрсеткіштің көп көрсетілгендіктен, мен ол цифраларға тоқтау қажет деп санамаймын.

Бірінші: Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның ғылыми және мемлекеттік бағдарламалармен өзара сабақтастығы

Өндірістен тыс жарақаттардан екі миллионға жуық адам өлімге ұшырайды, ал автокөліктен туындайтын жол-көлік апатынан өлімге ұшырайтындардың үлес салмағы сексен пайызға жетеді. Жолкөліктен туындайтын жол-көлік апаты еңбек ету тобындағы тұрғындардың негізгі өлім себептеріне жатады. Бұл Қазақстан Республикасына да тән жағдай.

Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» атты мемлекеттік бағдарламада ел халқының демографиясына айтарлықтай ықпал ететін аурулардың қатарына жазатайым оқиғалардан, жарақаттар мен

уланудан болатын сырқаттаренгізілген және де олардың алдын-алу, сапалы медициналық көмекті ұйымдастыру басымды (приоритетті) бағыт болып бекітілген. Жарақаттардан туындайтын өлім-жітім Қазақстан Республикасы тұрғындары арасында қалыптасқан өлім көрсеткішінде 2 – рангалық орында иеленеді. Бұрын онкология екінші орында тұрса, қазір онкология саласындағы жетістіктерге байланысты өлім-жітім саны төмендеуде, ал жарақаттар жоғары көтерілуде өкінішке орай. Ал еңбек ету жасындағы тұрғындар арасында 1 рангалық орынды қамтып отыр.

Жарақаттанудың асқыну себебінен туындайтын тұрғындардың мүгедектік көрсеткіші жалпы мүгедектік көрсеткішінің ішінде екінші орында болса, уақытша еңбекке жарамсыздық туындататын аурушандық көрсеткішінің құрамында үшінші-төртінші орында.

Республиканың ауылдық елді мекендеріндегі жарақаттан және уланудан туындаған өлім көрсеткіштері 2000 жылдан 2016 жылға дейін 34,7 пайызға артқан.

Өндірістен тыс жарақаттануға байланысты науқастарды емдеуге кеткен қаржылайшығынның көлемі мен экономикалық шығындардың деңгейін есепке алсақ қазіргі күннің асаөзекті мәселелерінің қатарына жарақаттануды жатқызуға болады.

Жарақаттанудың алдын алу мәселелерінің жоғарғы әлеуметтік маңыздылығы және ауылдық елді мекендерде жарақаттанудың алдын – алу шараларын жасау мәселелерінің аз талқыланғанын есепке алсақ, тақырыбы мен іздену ортасы талапқа сай.

Сондықтан З.Б.Абдрахманованың «Еңбекке қабілетті жастағы тұрғындар арасында әлеуметтік-экономикалық дағдарыс жағдайындағы өндірістен тыс жарақаттылықтың таралу заңдылықтары мен оның алдын алу шараларын жетілдірудің ғылыми негіздері (ОҚО мысалында)» атты диссертациялық жұмысы жаңа және өзектілігі бар ғылыми еңбек болып табылады.

Екінші: Диссертацияға қойылатын талаптар аясындағы ғылыми нәтижелер

Диссертациялық еңбектің алдына қойған негізгі мақсаты мен міндеттерің шешу, зерттеліп отырған құбылыстардың өзгерістерін және заңдылықтарын кешенді түрде тексеруге, қол жеткізілген деректі нәтижелерді сараптауға заманауи талабына сай тәсілдер қолданылған. Зерттеу бағдарламасы мен жоспары дизайн түрінде беріліп, зерттеудің негізгі кезеңдері көрсетіліп, ауыл тұрғындарының денсаулық жағдайына қатысты мәселелердің аса маңызды қырлары бір жүйеге келтірілген.

Диссертациялық жұмыс жазылу барысында ішкі біртұтастығын сақтаған. Зерттеу барысында 2010-2017 жылдардағы ресми статистикалық мәліметтер жарақаттанудың әртүрлі көрсеткіштері талданған және амбулаторлық-емханалық ұйымдардың амбулаторлық карталарында және стационардағы травматологиялық бөлім пациенттерінің ауру тарихтарында тіркелген бойынша 11150 науқастардың ішінен 16-62 жас аралығындағы еңбекке қабілетті 1000 науқас іріктеу тобына алынып сауалнамаға толық жауап берген 965 науқастың сауалнамалары зерттелген.

Кіріспе бөлімінде ғылыми жұмысының қазіргі таңда аса өзекті мәселе екендігі көрсетілген. Шетелдік және отандық ғылыми әдебиеттерге жоғарғы деңгейде сараптама жүргізген. Бұл диссертанттың зерттеу мәселесін жетік менгергенін көрсетіп отыр.

Ауыл тұрғындарының орта есеппен және жынысы бойынша- тұрмыстық жарақатқа ұшырау оқиғаларының 2010-2017 жылдарындағы даму динамикасы берілген. Зерттеудің негізгі бөлімдерінде берілген нәтижелері бойынша Оңтүстік Қазақстан облысында ауыл тұрғындарының арасында тұрмыстық жарақаттану жалпы жарақаттанудың 91% құрайды, олардан туындайтын мүгедектік пен өлім көрсеткіші еңбекке қабілетті тұрғындар арасында жылдан жылға өсім беретінін анықтаған.. Еңбек жасындағы тұрмыстық жарақаттанудың зардабынан туатын мүгедектік өндірістік мүгедектіктен 13 есе, ал өлім көрсеткіші 80 еседен астам. Бұл жұмыстың ерекшелігі.

Өндірістен тыс жарақаттардан еңбек ету жасындағы ер кісілердің өлім көрсеткіші әйелдердің арасында қалыптасқан өлімнен екі есеге жоғары. Оның негізгі себептеріне алкогольдік ішімдікке салыну, мас күйінде көлік - жол апатына ұшырау, өзіне өзі қол салу, суға кетіп тұншығу, үсіктер жатады. Бұл да жұмыстың ерекшелігі.

Анықталған заңдылықтар әрбір әлеуметтік топта қалыптасатын тұрмыстық жарақаттардың нақты деңгейін, көрсеткіштердің даму бағытын, әлеуметтік-гигиеналық себептері мен қауіпті зияндылықтардың қатерлілік қуатын көрсетіп берді деуге болады. Осыдан тұрмыстық жарақаттардың алдын алу шараларын әрбір әлеуметтік топтарда, олардың арасында қалыптасқан ерекшеліктерге сай ұйымдастыру керектігін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, еңбекке жарамды жастағы тұрғындардың жарақаттануының алғашқы кезеңінде медициналық-санитарлық көмек сапасына теріс ықпалын тигізетін негізгі қауіп-қатерлердің қатары анықталып, әлеуметтік-гигиеналық сипаты жасалынған. Жарақат алған науқастарға кезеңі бойынша медициналық көмек көрсету сапасы сараптамаланып, науқастың әрбір медициналық көмек беру сатысындағы профилактикалық-емдеу шараларының сапалық нәтижелері анықталған.

Сонымен қатар жоғарыда көрсетілген мәселелермен кемшіліктерді алдына алу мақсатында, Жарақат алған пациенттерге медициналық көмекті ұйымдастыру алгоритімі мен оқу құралын тәжірибеге енгізуге ұсынылды. Енгізу актілері бар.

Диссертациясының құрылымы ғылыми нәтижелері логикалық тұрғыда дұрыс негізделген, алынған қорытындылары айқын ішкі біртұтастық бар екендігін көрсетті.

Үшінші: Диссертацияда қалыптастырылған нәтижелер мен қорытындылардың дәлелділік және деректілік деңгейі

Диссертациясында барлық қорғауға ұсынылған ғылыми жаңалығы, тәжірибелік маңыздылығы, қорытындылары, тәжірибелік ұсыныстары ғылыми негізделген. Бұл зерттеушінің ауқымды материалдармен жұмыс жасағанын көрсетеді.

Диссертациялық еңбектегі нәтижелерді, қорытындыларды жоғары дәлелділік және деректілікпен қамтамасыз ету үшін озық әдістемелік тәсілдерді қолданылған. Ең маңыздысы зерттеуге алынған статистикалық жиынтықтар басты және таңдамалы статистикалық жиынтықтар негізінде қалыптастырылған. Ғылыми-зерттеу жұмысын жүзеге асыру нысаны деп ОҚО аудандары тұрғындары арасындағы тұрмыстық жарақаттардан туындаған өлім-жітім көрсеткішінің көпжылдық деңгейі мен динамикасы тандалып алынды. ОҚО аудандары тұрғындары арасындағы бұл көрсеткіштің әлеуметтік-экономикалық, тұрмыстық, медициналық-санитарлық сипаттамасы облыстағы ауылдық елді мекендері тұрғындарының әлеуметтік-гигиеналық сипатын толық көрсете алады деуге болады.

Кездейсоқ бақылаудың зерттеу нәтижесін талдау үшін аналитикалық, орташа деңгейлердің орташа арифметикалық көрсеткіштері және сызықтық регрессияны қолданылған. Түзетілмеген және түзетілген коэффициенттің маңыздылығы мен олардың сенім интервалы (СИ) көрсетілген.

Диссертацияда қалыптастырылған нәтижелер мен қорытындылардың дәлелділік және деректілік деңгейі жоғары және оған күмән келтірмейді.

Төртінші: Ізденушінің әрбір ғылыми нәтижелерінің, тұжырымдамалары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі

Диссертациялық еңбектің нәтижелерінің, тұжырымдамалары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі алғаш рет анықталған. Еңбек ету жасындағы тұрғындар арасында жарақаттанудың алдын – алу шараларының технологиясы құрастырылған. Сонымен қатар жарақаттылық себептерінің ересек еңбек ету жасындағы тұрғындардың уақытша еңбекке жарамсыздық көрсеткіштерінің қалыптасуына тигізетін әсері зерттеліп, жыныс, жас мөлшері, білімділік деңгейі мен әлеуметтік жағдайы әртүрлі тұрғындардың тірек-қозғалыс жүйесі жарақаттану ерекшеліктері анықталады. Анықталған заңдылықтар әрбір әлеуметтік топта қалыптасатын тұрмыстық жарақаттардың нақты деңгейін, көрсеткіштердің даму бағытын, әлеуметтік-гигиеналық себептері мен қауіпті зияндылықтардың қатерлілік қуатын көрсетіп берді деуге болады. Іздену жұмысының нәтижесінде жарақаттанудың алдын – алу шараларының жаңа құрылымның, қоғамдық денсаулық сақтау жүйесінің басымды бағыты екендігі және демамандардың біліктілігін арттырудың жолдары көрсетілген.

Диссертацияда тұжырымдалған жұмыстың негізгі нәтижелері мен қорытындылардың жаңалық деңгейі жоғары деуге нақты негіз бар.

Бесінші: Нәтижелердің ішкі өзара біртұтастығын бағалау.

Зерттеу бағдарламасы ғылыми тұрғыда дұрыс құрастырылған. Респонденттердің іріктеуден өтуі, жүргізілген зерттеу әдістері, нәтижелерді сараптау барысында алынған негізгі қорытындылар арасында өзара біртұтастық бар. Барлық алынған нәтижелер мен қорытындылар диссертациялық жұмыстың толық құрылымын көрсетіп отыр.

Алтыншы: Алынған нәтижелердің өзекті мәселені шешуге бағыттылығы

Ұсынылған диссертациялық жұмыс қазіргі таңдағы заманауи медицина саласында тәжірибелік маңыздылығы тарапынан аса өзекті мәселелердің бірі, ауыл тұрғындарының арасындағы өндірістік емес жарақаттардың қалыптасу ерекшеліктері мен таралуы анықталады және жарақат салдарынан зардап шеккен тұрғындарға салыстырмалы сипаттама береді. Зерттеу нәтижесінде жұмыс істейтін ересек тұрғындар арасындағы жарақат алудың негізгі себептері анықталады. Қала мен аудан әкімшіліктеріне арналған, тұрғындарға қауіпсіз өмір сүрудің және тұрғындардың арасындағы жарақаттылықтың алдын алу бойынша ғылыми дәлелді нұсқаулар жасалған.

Ғылыми ізденудің нәтижелері міндетті медициналық сақтандыру жүйесіне өтетін кезеңде үлкен әлеуметтік маңызы бар, шешуін талап ететін мәселеге ауқымды көмегін білдіреді.

Жетінші: Диссертациялық еңбектің бекітілген, қол жеткізілген нәтижелері мен қорытындылары

Басылымдарда жарық көрген 15 еңбегі диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелерін айқындайды. Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық басылымдарда – 2 мақала жарияланған, ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда – 5 мақала жарияланған, халықаралық және шет елдік ғылыми-тәжірибелік конференцияларда – 7 мақала мен тезистер басылған. Ғылыми жұмыстың нәтижесі бойынша 1 оқу құралы әзірленіп, мемлекеттік тілде жарық көрген.

Сегізінші: Диссертацияның мазмұны мен безендірілуі бойынша кемшіліктері

Диссертациялық жұмыстың мазмұнымен рәсімделуі талапқа сай орындалған.

Диссертациялық жұмыс жақсы түсінікті әдеби тілде жазылған, жан-жақты безендірілген, суреттері жүйелі түрде қамтылған. Дегенменде диссертациялық жұмыстың мазмұны бойынша кейбір кемшіліктер орын алған. Өздеріңіздің қойып отырған сұрақтарыңыз орынды болып отыр.

Ұсыныс:

1. Меніміше, диссертациялық жұмыстың атында дағдарыс кезіндегі деген сөзді алып тастау керек еді, сонда жұмыс толық атына сай болар еді. Себебі экономикалық дағдарыс қай жылдары болып жатқанын экономистер тарапынан белгіленбеген. Бірақ бұл үлкен кемшілік деп айта алмаймыз.

2. Әдебиеттік шолу дәстүрлі бағыт бойынша жазылған, мүмкіншілігінше мета-анализ түрінде жазуға болар еді Пайданалынған әдебиеттің басым көпшілігі Ресей авторлары болып келеді.

3. Тұрмыстық жарақатқа байланысты медициналық көмек көрсетудегі экономикалық шығындарды Оңтүстік Қазақстан облысының деңгейінде бөліп көрсеткенде ұтымды болар еді.

Бұл ескертпелер диссертация мазмұнына, маңыздылығына әсер етпейді.

Тоғызыншы: Қорытынды

Абдрахманова Зинат Батырхановнаның «Еңбекке қабілетті жастағы тұрғындар арасында әлеуметтік-экономикалық дағдарыс жағдайындағы өндірістен тыс жаракаттылықтың таралу заңдылықтары мен оның алдын алу шараларын жетілдірудің ғылыми негіздері (ОҚО мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық еңбегі автордың өзімен толық жазылған. Ғылыми жұмыстың өзектілігі, ғылыми жаңалығы, тәжірибелік маңыздылығы, алынған нәтижелері талапқа сай орындалған. Диссертант З.Б.Абдрахманова 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Төрағалық етуші: Зинат Батырхановна, сізге ресми рецензентке жауап беру үшін сөз беріледі.

Ізденуші - Абдрахманова З.Б.: Құрметті Құралбай Құрақбаевич сіздің жұмысыма берген ресми рецензияңызға алғысымды білдіремін. Жауап беруге рұқсат етіңіз. Сұрағыңыз бойынша әдеби шолуда Ресей мемлекеттерімен салыстырған себебіміз, ол жақтағы экономикалық даму бағыты мен біздің еліміздің экономикалық дамуының сәйкестігі, сонымен қатар әлеуметтік-гигиеналық себептерін байланыстыра отырып жүргізген болатынбыз. Салыстырмалы түрде. Ал мета анализ түрінде жасауда ол жерде ауқымды әдеби шолудың болу мүмкіндігін ескере отырып бір шама 60% Ресей мемлекеттері, қалған үлесін шет елдермен және Европа елдерімен салыстырмалы түрде жүргіздік. Берген ұсыныстар мен ескертулерді ескереміз. Рахмет!

Төрағалық етуші: Құралбай Құрақбаевич докторанттың жауабына қанағаттандыңызба?

Ресми рецензент, м.ғ.д., профессор Құрақбаев Қ.Қ.: Ия қанағаттандым, рахмет!

Төрағалық етуші: Сөз екінші ресми рецензент – м.ғ.к., Түркістан облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаменті басшысының орынбасары Ахметов Алдарқұл Райымқұловичке беріледі.

Төрағалық етуші: Құрметті Алдарқұл Райымқұлович мынадай ұсыныс түсіп жатыр – диссертациялық жұмыстың ескертулері мен қортындыға тоқталсаңыз.

Медицина ғылымдарының кандидаты Алдарқұл Райымқұлович:

Рахмет Рамазан Сейдахметович. Құрметті диссертациялық кеңес мүшелері сол ұсынысты өзімде айтқым келген. Жалпы диссертация тақырыбы өзекті екендігі күмән туғызбайды. Өздеріңізге белгілі 2016-2019 жж. Мемлекеттік «Денсаулық» бағдарламасы бойынша елімізде тұрғындардың орташа өмір сүру жасын ұзарту жөнінде кешенді шаралар қабылданған, осы шараларда жаракаттарды алдын-алу, оның ішінде өзекті

тақырып өндірістен тыс жарарқаттану мәселесі мен алдын-алу шаралары. Сондықтан тақырып өте орынды, дер кезінде және өзекті екендігі белгілі болып отыр.

Диссертацияның мазмұны мен безендірілуі бойынша кемшіліктері

Диссертациялық жұмыстың орындалу барысында кеткен техникалық кемшіліктері кездесті. Бірақ бұл ескертпелер диссертация мазмұнына маңызды әсер етпейді, жөндеуге болатын кемшіліктер деп есептеймін.

Қорытындылай айтқанда, диссертант Абдрахманова Зинат Батырхановнаның PhD философия докторы дәрежесін ізденуге арналған «Еңбекке қабілетті жастағы тұрғындар арасында әлеуметтік-экономикалық дағдарыс жағдайындағы өндірістен тыс жарарқаттылықтың таралу заңдылықтары мен оның алдын алу шараларын жетілдірудің ғылыми негіздері (ОҚО мысалында)» атты диссертациялық жұмысы толық аяқталған, ғылыми негізделген, ғылыми еңбек деп санаймын.

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі, ғылыми жаңалығы және тәжірибелік маңыздылығы, алынған нәтижелері, талаптарға сай жоғары деңгейде орындалғанын ескере отырып Абдрахманова Зинат Батырхановна 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша PhD дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.

Төрағалық етуші: Зинат Батырхановна, сізге ресми рецензентке жауап беру үшін сөз беріледі.

Ізденуші - Абдрахманова З.Б.:Құрметті Алдарқұл Райымқұлович сіздің жұмысыма берген ресми рецензияңызға алғысымды білдіремін. Берген ескертулеріңізді ескеремін рахмет!

Төрағалық етуші: Алдарқұл Райымқұлович докторанттың жауабына қанағаттандыңызба?

Ресми рецензент, м.ғ.к. Ахметов А.Р.: Ия қанағаттандым, рахмет!

Төрағалық етуші: Сөз ғылыми кеңесші, медицина ғылымдарының докторы, профессор Молдалиев Икилас Сүйндікович өз пікірін баяндау үшін беріледі.

Медицина ғылымдарының докторы, профессор Молдалиев И.С:

Құрметті төраға және диссертациялық кеңес мүшелері Абдрахманова Зинат Батырхановна 3 жыл деңгейінде жұмысқа қабілеттілігін, ізденпаздығын жақсы көрдік. Осы жұмыстардың барлығын өзінің қатысуымен, өзінің үлкен жауапкершілігімен қарағандығын көрдік. Үлкен ауқымды жұмыс жасалды, айта кететіндей бұл жұмыстың өзектілігі. Бірінші кезекте жарарқаттану өлім көрсеткіші бойынша үшінші орында тұр. Әрине осы өлім көрсеткішін төмендету мәселесі, одан туындайтын мүгедектікті төмендету мемлекетіміздің негізгі саясаттарының бірі. Оның ішінде медициналық қызмет көрсетусапасы бірінші кезекте, біріншілік медициналық көмекті неғұрлым ерте көрсеткен жағдайда, біз өлім көрсеткіші

мен мүгедектікті төмендететініміз белгілі. Сондықтан арасын ажыратып өлім, жарақаттану себептеріне жеке-жеке тоқталған, оның ішінде өндірістен тыс жарақаттылыққа талдау жүргізіп оның себептерін, қауіп факторларын анықталғандығын көріп отырмыз. Сондықтан бұл үлкен жұмыс. Мен ойлаймын жұмыстың өзектілігі қазіргі таңда өте маңызды болып табылады, себебі тоқырау заманы болсын, қазіргі заманның өзінде жол көлік оқиғалары, әлеуметтік жағдайға байланысты қылмыстың көбеюі сияқты жалпы жарақаттар жоғарлағаны белгілі. Экономикасы дамыған елдерде жарақаттардың басқа түрлері көбеюі мүмкін. Техникаға, транспортқа, авто көліктің көбеюімен байланысты болуы мүмкін. Бүгінгі жұмыс дер кезінде қолға алынып, осындай жақсы ұсыныстар беріліп жатыр. Сондықтан сіздердің бүгін қатысып, жақсы пікір бергендеріңізге көп рахмет. Әрине Абдрахманова Зинат Батырхановна 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша PhD дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін және өз тараптарыңыздан қолдауды сұраймын. Рахмет!

Төрағалық етуші: Икилас Сүйіндиқович берген пікір оң, рахмет!

Төрағалық етуші: Сөз шетелдік ғылыми кеңесшісі MD, PhD профессор Гржибовский Андрей Мечиславовичке пікірін баяндау үшін беріледі. Шетелдік кеңесшінің болмауына байланысты, пікірді диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы К.С.Бабаева оқиды.

Медицина ғылымдарының MD, PhD профессор Гржибовский Андрей Мечиславовичтің пікірі баяндалды. *(Пікір тіркелген)*

Төрағалық етуші: Осылайша, пікірі оң шешімді, рахмет!

Төрағалық етуші: Ғылыми кеңесшілерге сұрақтарыңыз бар ма? Сұрақтар жоқ. Баяндалған пікірлерге байланысты қандай ұсыныстарыңыз болады? Барлық пікірлерді ізденушінің жеке іс құжаттарына тіркеу туралы ұсыныс түсті. Ұсыныс қабылданды. Докторанттың диссертациялық жұмысын талқылауға өтеміз.

Төрағалық етуші: Сөз профессор, медицина ғылымдарының докторы Абай Маратовичке беріледі.

Жақсыбергенов А.М.: Құрметті диссертациялық кеңестің мүшелері. Бүгін диссертациялық кеңесте үшінші диссертациялық жұмысты талқылап отырмыз. Жұмыстың негізгі ахуалына өз жетекшілері мен рецензенттері өздерінің ұсыныстарын берді. Бұл ғылыми еңбектің негізі біздің заманымызға сай, талаптарға сәйкес. Өздеріңіз білесіздер қазіргі кездегі ең басты біздің мәселе 30 дамыған елдердің қатарына ену болып табылады. Осы елдердің қатарына қосылу үшін ең бірінші критерий ол елдің байлығы емес, басты критерий тұрғындардың өмір сүру жасының ұзақтығы. Осы өмір сүру жасының ұзақтығына барынша мемлекет тарапынан болсын, медицина саласының қызметкерлер тарапынан болсын барлық жағдайларды жасау

болып табылады. Өкінішке орай қазіргі экономикамыздың дамуына байланысты жарақаттану мәселесі көбюуде. Сондықтан осы Зинат Батырхановнаның еңбегі дер кезінде, мағыналы деп есептеймін. Бұл еңбекті алдағы уақытта әлдеде басқа ғылыми еңбектерден көрінеді деп есептеймін. Жарақаттануға келетін болсақ Түркістан қаласына жүретін жолдың өзінде соңғы он жылда бір қауымның адамдары зардап шекті деп есептесек болады. Бұл да үлкен мәселе. Сондықтан құрметті әріптестер бүгінгі Абдрахманова Зинат Батырхановнаның жұмысы талаптарға сай деп есептеймін. Рахмет!

Төрағалық етуші: Рахмет Абай Маратович. Диссертациялық кеңестің мүшелері тағы сөйлейтіндер бар ма?

Кеңес мүшелері: Жоқ.

Төрағалық етуші: Онда қортындылауға рұқсат етіңіздер. Біздің ата заңымызда жазылған біздің байлығымыз ол халқымыз. Сол себептен халыққа барлық жағдайды жасау үшін мемлекеттік бағдарламалар жұмыс жасайды. Соның ішінде «Денсаулық» бағдарламасы 2016-2019 жылдарға арналған. Осы бағдарламада көрсетілгендей, қазіргі соңғы әдеби көздерде және статистикалық мәліметтерге сүйенсек жарақаттану және улану, қайғылы оқиғалар үшінші орынан екінші орынға аусып келеді. Онкологиялық аурулар қазіргі таңда үшінші орынды иеленеді. Осыған байланысты бүгінгі докторанттың көтеріп отырған мәселесі өте өзекті мәселелер деп қортындылауға болады. Сол себептен барлықтарыңызды қолдауға шақырамын. Сонымен қатар өз уақтысында жазылған диссертациялық жұмыс деп айтуға рұқсат етіңіздер.

Зинат Батырхановна, Сізге қорытынды сөз беріледі.

Абдрахманова З.Б.: Рахмет Рамазан Сейдахметович. Бірінші кезекте маған бағыт бағдар беріп, ықыластарын бөліп, мені қолдаған жетекшілерім – медицина ғылымдарының докторы, профессор Булешов Мырзатай Абилдаевич пен медицина ғылымдарының докторы, профессор Молдалиев Ыкылас Сүйіндіковичке үлкен алғысымды білдіремін. Екінші менің диссертациялық жұмысыма оң шешімдерін берген рецензенттерім – Құралбай Құрақбаевич және Алдарқұл Райымқұловичке алғысымды білдіремін. Сіздердің берген әрбір ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңыз мен үшін аса маңызды. Сіздердің талқылауларыңыздан өткен жұмыс мінсіз деп сесптеймін. Осы жұмысты жүзеге асыруға мүмкіндік берген Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің басшылығына және кафедра ұжымына алғысымды білдіремін. Сіздерге диссертациялық кеңес мүшелері және төраға менің жұмысымды белсенді талқылап және атсалысып отырғандарыңызға рахмет. Сонымен қатар маған қолдау көрсеткен ата-анама, туған туыстарыма алғысымды білдіремін. Рахмет!

Төрағалық етуші: Құрметті диссертациялық кеңес мүшелері диссертациялық жұмысты талқылау аяқталды. Құпия дауыс беру үшін санақ комиссиясын сайлауға ұсыныс түсті.

Диссертациялық жұмысқа құпия дауыс беру үшін есеп комиссиясына ұсынылған

1. Қуатбекова Рабиға Абдумусаевна м.ғ.д., профессор

2. Каусова Галина Калиевна м.ғ.д., профессор

3. Курманова Гаухар Медеубаевна м.ғ.д., профессор

Төрағалық етуші: Санақ комиссиясының аталған құрамына ешкім қарсы емес пе. Дауыс беруге көшейік!

Осы ұсынысты кім қолдайды? барлығы қолдады.

Кім қарсы? Жоқ

Бір дауыстан санақ комиссиясының құрамы бекітіледі.

Санақ комиссиясы жұмысқа кірісті. Құпия дауыс беру үшін үзіліс жарияланды (5 минут)

Үзіліс

Үзілістен кейін

Төрағалық етуші: Құпия дауыс беру нәтижесін жариялау үшін сөз санақ комиссиясының төрағасы – медицина ғылымдарының докторы, профессор Қуатбекова Рабиға Абдумусаевнаға беріледі.

Қуатбекова Р.А.: Құрметті төраға! Құрметті диссертациялық кеңестің мүшелері! 22 желтоқсан 2018 жылғы Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ жанындағы 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің санақ комиссиясының отырысынан №9 хаттамасы. Комиссия құрамы: Курманова Г.М., Каусова Г.К., Қуатбекова Р.А. Комиссия Абдрахманова Зинат Батырхановнаның философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылған докторлық диссертациялық жұмысына жасырын дауыс беруді қорытындылауда санақ комиссиясы сайланды. Диссертациялық кеңес құрамына 9 адам бекітілді, қосымша шешуші дауыс беру құқығымен 8 адам өткізілді. Диссертациялық кеңес отырысында 8 кеңес мүшелері, соның ішінде қаралып жатқан диссертация профиліне сәйкес 6 ғылым докторы. 8 бюллетен таратылды, таратылмаған бюллетен жоқ, жәшікке салынған бюллетен 8.

Абдрахманова Зинат Батырхановна «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру мәселесі бойынша дауыс беру қорытындылары: «қарсы емес» - 8, «қарсы» - жоқ, жарамсыз бюллетендер - жоқ.

Төрағалық етуші: Рахмет Рабиға Абдумусаевна. Санақ комиссиясының хаттамасын ашық дауыс беру арқылы бекіту туралы ұсыныс бар. Дауыс береміз. Осы ұсынысты кім қолдайды? Кім қарсы? - жоқ. Кім қалыс қалды? жоқ.

Есеп комиссиясының хаттамасы бірауыздан бекітілді.
Абдрахманова Зинат Батырхановна Сізді сәтті қорғауыңызбен құттықтаймыз.

Төрағалық етуші: Біздің Диссертациялық кеңес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті алдында Сізге қоғамдық денсаулық сақтау мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін берілуіне ұсыныс береді. Үлкен рахмет!

Диссертациялық кеңестің атқарылған жұмыстарына ескертулер бар ма? Ескертулер жоқ.

Құрметті диссертациялық кеңестің мүшелері. Құрметті рецензенттер, әріптестер, қонақтар! Жұмысқа белсенді қатысқандарыңыз үшін рахмет. Диссертациялық кеңес отырысны жабық деп жариялауға рұқсат етіңіздер.

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік университетінің жанындағы 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің төрағасының міндетін атқарушы медицина ғылымдарының докторы профессор



Р.С. Бектұрғанов

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік университетінің жанындағы 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің ғылым хатшысы медицина ғылымдарының кандидаты доцент м.а.



К.С. Бабаева қолын

ҚАСТАУ ИМБЫН:
Қ.А. Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті
Кадр бөлімінің
бастығы